

**"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 533 Жарлығына  
толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы № 409 Жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы  
Конституциялық заңның 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ  
ЕТЕМІН:**

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы  
туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 533  
Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 5, 52-құжат) мынадай  
толықтыру енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің  
құрылымы:

"Қазақстан **Республикасы** Президенті Әкімшілігінің Басшысы" деген **жолдан кейін  
мынадай** мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан **Республикасы** Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші  
орынбасары"

**2. Қазақстан** Республикасы Президенті Әкімшілігінің **Басшысы осы Жарлықтан**  
туындайтын шараларды қабылдасын.

**3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа** енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. Назарбаев*